



# Мұнайлы

Газет-2009 жылдың  
01 тамырынан  
шығады



“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті

№11 (109), желтоқсан, 2018 жыл

# ӨЛКЕ

В центре внимания

## АО «МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ»: КУРС СТАБИЛЬНЫЙ!

26 ноября текущего года состоялась встреча Председателя Правления АО «НК «КазМунайГаз» Алика Айдарбаева с трудовым коллективом АО «Мангистаумұнайгаз».

Открывая встречу, Алик Айдарбаев, подчеркнул, что очень рад возможности вновь увидеться с коллегами, а также отметил, что дела в АО «Мангистаумұнайгаз» идут хорошо.

- Накануне, я встречался с нефтяниками «Озетмунайгаз» и на обратном пути заехал в Жетыбай, побывал на групповой установке, где когда-то начинал трудовой путь, - рассказал Алик Айдарбаев. - И вы знаете очень много позитивных изменений, построены новые групповые установки, созданы хорошие условия для работников, налажена высокая культура производства. В наше время о таком можно было только мечтать. В целом я доволен работой АО «Мангистаумұнайгаз», положение дел в компании хорошее, план выполняется. Ведь не зря «Мангистаумұнайгаз» -



флагман нефтяной отрасли!

В ходе встречи Председатель Правления АО «НК «КазМунайГаз» ознакомил трудовой коллектив с решением Совета директоров АО «Мангистаумұнайгаз» о новых кадровых назначениях в Обществе. Как известно, положениями Соглашения акционеров предусмотрено чередование права назначения руководителей высшего

звена и руководителей подразделений АО «Мангистаумұнайгаз» с периодичностью раз в три года.

Алик Айдарбаев пожелал трудовым успехом назначенным руководителям компании: Генеральному директору – Лю Цзиньчэну и первому заместителю Генерального директора – Бакыту Иманбаеву, отметив при этом, что важно работать сплоченно и продолжать

добивать высоких результатов в производстве.

В свою очередь Бакыт Иманбаев поблагодарил Алика Айдарбаева за теплые пожелания и выразил уверенность, что коллектив АО «Мангистаумұнайгаз» приложит все свои знания, силы и опыт для успешного воплощения в жизнь поставленных задач.



Решением Совета директоров (протокол № 62 от 15.11.2018 г.), произошли кадровые изменения среди руководящего состава АО «Мангистаумұнайгаз»:

- Генеральным директором назначен Лю Цзиньчэн;
- первым заместителем Генерального директора – Бакыт Иманбаев
- заместителем Генерального директора по производственным вопросам – Казыбек Кийнов;
- заместителем Генерального директора по геологии и разработке – Чэнь Цюань;
- заместителем Генерального директора по экономике и финансам – Мурат Асабаев;
- заместителем Генерального директора по коммерческим вопросам – Чэнь Цзунсян;
- заместителем Генерального директора по юридическим и кадровым вопросам – Нурсерик Кудереев;
- заместителем Генерального директора по административным и социальным вопросам – Жетыбай Тулгожаев.





# ЖАҢАРУ – ДАМУ НЕГІЗІ

Қараша айының 14-15 жұлдызы күндері Астана қаласында «Нұр Отан» партиясы бастауыш партия ұйымдарының алғашқы форумы өтті. Бұл Елбасы, Партия төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың партия қызметін жаңғырту туралы берген тапсырмасының шеңберінде жүзеге асырылып отырған стратегиялық шара. Форумда осыған дейін өмірлерде бастауыш партия ұйымдарының қызметін жандандыру тақырыбында өткен төрт аймақтық құрылтайда бастауыш ұйымдар өкілдерінің берген ұсыныстары мен тілектері қорытындыланып, бастауыш партия ұйымдарының қызметін жандандыруға арналған тұжырымдама жобасы мен 10 қадамнан тұратын жол картасы таныстырылды.

Партия саяси Кеңесінің кеңейтілген отырысында Елбасы атап өткендей, жиырма жылдың ішінде Партия қызметінің инфраструктурасын қалыптастыру үшін ауқымды жұмыстар атқарылды. Партия үшін мәнінде біздің қоғамымыздағы сан түрлі топтардың мүддесін қорғап келе жатқан нағыз халықтық бірлестікке айналды. Алда Партия алдында осы көрсеткішті сақтай отырып, төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында туындайтын жаңа талаптар мен міндеттерге жауап беретін жаңашыл саяси күш қалыптастыру міндеті тұр. Шара барысында көпшілікке таныстырылған тұжырымдама жобасы осы бағыттағы жұмыстардың өзекті болғалы тұр.

**Саяси партия — елдегі саяси билікті өз қолдарына алғысы келетін немесе ел басқару ісіне өз өкілдері арқылы қатысқысы келетін, әлеуметтік, саяси-экономикалық, ұлттық, мәдени тағы басқа ортақ көзқарастары мен мақсат-мүдделері бар азаматтардың ерікті бірлестігі, иерархиялық саяси ұйым.**

Сонымен, тұжырымдама жобасы мен жол картасы қандай мәселелерді қамтыды деген сұраққа жауап берсек. Негізі, ондағы 10 мәселені топтап қарастырып, оларды шартты түрде 4 тарауға бөліп қарастыруға болады. Алғашқы тарау «Адам капиталмен жұмыс» деп атауға келеді. Өйткені саннан сапаға көшуге әрекет етіп жатқан тұста Партия мүшелерінің біліктілігін арттыру, қатарымызды өз ортасының көшбасшыларымен толықтыру өте өзекті мәселе бол тұр.

## АДАМИ КАПИТАЛМЕН ЖҰМЫС

Сонымен, бірінші тараудағы басты өзгеріс – бұдан былай, Партия қатарына қабылдану үшін бұрынғыдай үш құжат (жеке куәлік көшірмесі, арыз, ұсыным хат) тапсыра салу жеткіліксіз болмақ. Ендігі жерде Партияға мүшелікке инетті әрбір азамат әуелі үш құжатқа қосымша сотталмағандығы туралы анықтама тапсыратын болады. Содан соң, оның партия мүшелігіне лайықтылығы арнайы комиссия отырысында қарастырылып, Комиссия отырысына дейін оған «Партия мүшелігіне үміткер» деген мәртебе берілетін болады. Бұдан бөлек, үміткерге ұсыным хат берген Партия мүшесінің Партиядағы еңбек өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс. Ұсыным берген азамат үміткерге тәлімгер болып, оның Партиядағы қызметіне жауапты болады деген талаптар тағы бар.

Келесі маңызды мәселе - Партия мүшелері үшін ұйымдастырылатын оқу-ағарту курстары туралы. Тұжырымдама қабылданғаннан кейін Партия мүшелері үшін көпденгейлі білім беру жүйесі іске қосылатын болады. Яғни, оқытуын арнайы модульдік бағдарламасы әзірленіп, Партияның жаңа мүшелері мен филиалдардың жаңадан қабылданған қызметкерлеріне арналған негізгі бағдарламасы; БПҰ төрағаларына, филиал басшылары мен қызметкерлеріне арналған құзреттілікті арттыру бағдарламасы; Партия мүшелері БПҰ төрағалары, филиал басшылары мен қызметкерлеріне арналған көшбасшылық бағдарламалары жүзеге асырылмақ.

**Партиялық кадрлық резерві – үкіметтің өкілдік және атқарушы органдарындағы саяси және сайланбалы лауазымдарға, сондай-ақ Партия органдарындағы қызметтерге ұсыну үшін бекітілген тәртіпте жасақталған ең ең лайықты Партия мүшелерінің жүйесі тізімі.**

Тағы бір мәселе – Партияның кадрлық резервін қалыптастырудың жаңа ережесін бекіту (бұдан әрі - ПКР). Негізгі міндет – үкіметтің өкілдік және атқарушы органдарындағы саяси және сайланбалы лауазымдарға, сондай-ақ Партия органдарындағы қызметтерге ең лайықты азаматтарды ұсыну мақсатында іріктеу және оқыту жүйесін жасақтау; Партия мүшелерінің арасында мансаптық өсудің бәсекелестік моделін қалыптастыру; халық сенімін арттыру үшін кадрлық ауыс-түйісті мейлінше ашық түрде өткізу. Осы орайда, ПКР екі деңгейде құрылатын болады – республикалық және аймақтық. Республикалық ПКР құрамына енген Партия мүшелері министр, вице-министр, «Нұр Отан» партиясының хатшысы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты секілді жауапты лауазымдарға үміткер бола алса, аймақтық деңгейде облыс әкімінің орынбасары, қала әкімі, «Нұр Отан» партиясы аумақтық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, қалалық және аудандық маслихат депутаты секілді жауапты қызметтерге үміткер ретінде тіркеледі.

**БПҰ мақсаты – партияның жарғылық мақсаттары мен міндеттерін, бағдарламалық құжаттарын тұрғындар арасында, БПҰ құрылған ұжымдық ұйымдар қызметкерлерінің арасында түсіндіру және іске асыру, сондай-ақ партия мүшелері мен жоғары тұрған партия органдарының арасында тұрақты кері байланысты қамтамасыз ету.**

## ЖАҢА ЖҰМЫС ТӘСІЛДЕРІ

Тұжырымдамада көрсетілген мақсат-міндеттерге қол жеткізу үшін Партия мүшелерінің әлеуетін арттырумен қатар, БПҰ қызметіне де жаңашылдықтар енгізу керек. Осы орайда, әлеуметтік мониторинг жүргізу, жобалық тәсіл енгізу, жаңа алаңдар құру амалдары қарастырылып жатыр.

Партия Жарғысының талаптарына сәйкес БПҰ өз қызметінде қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және азаматтардың заңды мүдделерін қорғайтын басқа да мәселелерді талқылап, оларды жоғары тұрған партия органдарына жеткізуге тиіс. Аймақтық деңгейде өзекті проблемаларды анықтауда БПҰ рөлін одан әрі күшейту және олардың шешімін табуға қатысуын кеңейту үшін өзекті аймақтық проблемаларды қамтитын Әлеуметтік мониторинг картасы (бұдан әрі - Карта) әзірленетін болады. Осы орайда, негізгі ақпараттық көздер ретінде партия мүшелерінен түсетін ақпарат, азаматтардың БПҰ немесе тікелей қоғамдық қабылдау бөлмелерінде қалдырған өтініштері, «Е-



қоғамдық қабылдау» жүйесінен алынған мәліметтер т.б. қарастырылып отыр. Сол себепті Партия мүшелерінің Партия қызметін сырттан бақылап қана қоймай оның жүзеге асырылуына етене араласуы, кем-кетік тұстарын хабарлап, әлеуметтік өзекті проблемалар туралы бастауыш партия ұйымына хабар беріп отыруы өте маңызды.

**Әлеуметтік мониторинг картасы жүргізіліп жатқан реформалардың тиімділігін, халықты әлеуметтік топтарға бөлу деңгейін және оның өзгеруінің негізгі үрдістерін, проблемаларды шешу жөніндегі шараларды әзірлеу мақсатында болып есептің құбылыстар мен процесстердің өзектілік деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін жедел ақпарат алуға мүмкіндік береді.**

Жоғарыда аталған жұмыстардың нәтижесінде анықталатын мәселелерді шешу жолдарын қарастыру үшін БПҰ деңгейінде жобалық тәсілді енгізу қарастырылып отыр. Ол «өзекті мәселелер – партия бағдарламасы – жобалар» қағидаты бойынша құрылатын болады. Партия мен БПҰ әрбір мүшесіне жергілікті сипаттағы қандай да бір проблемаларды шешуге бағытталатын жобаға бастамашылық жасауға мүмкіндік беріледі. Ол халықтың проблемаларын шешуде саяси ұйымның негізгі мақсаттары мен міндеттерін іске асырудың пәрменді тетігі болмақ.

**БПҰ мүшесі:**  
- партияның бағдарламалық және өзге де құжаттарының жобаларын әзірлеуге қатысуға;  
- партияның және оның филиалдарының органдарын сайлауға және оларға сайлануға;  
- өз пікірін ауызша немесе жазбаша түрде еркін айтуға, партия қызметінің мәселелерін талқылауға қатысуға;  
- партияның қорғауы мен қолдауына сүйенуіне;  
- партияға жаңа мүшелер тарту бойынша жұмыс жүргізуге құқылы.

Халықтың әлеуметтік мәселелерін талқылауға және шешуге партия мүшелерін белсенді тарту, жобаларға бастамашылық жасауға және шешімдер қабылдауға қатысу үшін жаңа алаңдар құрылатын болады.

## ТИМДІ КОММУНИКАЦИЯ

Алдын ала зерттеу жұмыстары көрсеткендей, БПҰ қызметінде коммуникация мәселелері елізсіз ұйымдастырылған. 6 мыңнан астам бастауыш партия ұйымдарының не бары 4 пайызы ғана өз жұмыстары туралы интернет-ресурстарында ақпарат жариялап тұрады. Ал БПҰ Партия стратегиясының негізгі насихаттаушысы екенін ескерсек, бұл мәселенің де жаңғыруы маңызды. Өйткені

дұрыс ұйымдастырылған коммуникация халықтың Партияға сенімін арттырады. Осы орайда БПҰ мен партия филиалдары жанынан спикерлер мен сарапшылар базасын қалыптастыру, олар үшін оқыту семинарларын ұйымдастыру, Партия электронды порталының мобильдік нұсқасын әзірлеу («Е-ақпарат»), әлеуметтік желілерде БПҰ ақпараттық материалдарын жариялауды ұйымдастыру, мониторинг жүргізу жоспарлануда. Аталған шаралардың барлығы Партия қызметін цифрландыру шеңберінде «Е-ақпарат», «Е-талдау», «Е-бастама», «Е-контакт-орталығы» сынды цифрлы бағдарламалар аясында жүзеге асырылатын болады.

**БПҰ мүшесі:**  
- партия Жарғысының, Партия мүшесі этика кодексінің, Ереже талаптарын сақтауға, партия қызметін реттейтін партияның бағдарламалық құжаттарын және басқа да құжаттарды іске асыруға қатысуға;  
- партияның жоғары тұрған органдарының шешімдерін орындауға;  
- мемлекеттік (оның ішінде «Нұрлы жол»), салалық, өңірлік бағдарламаларды іске асырудың проблемалық мәселелерін анықтаған жағдайда БПҰ төрағасына немесе партия аумақтық филиалының аппаратына жедел хабар беруіне;  
- партия жиналыстарына тұрақты қатысуға міндетті.

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ

Тұжырымдаманың соңғы екі қадамы нәтижесінде бағытталған бюджеттендіру тәсілін енгізуге және бастауыш партия ұйымдарының рейтингін ұйымдастыруға арналды. Мәселен, БПҰ қызметін жандандыра түсу үшін олардың атқаратын қызметіне қаржылық қолдау көрсету, материалдық-техникалық базасын жаңғырту да өте маңызды. Сонымен қатар, БПҰ атқарған шараларын саралай келе, олардың рейтингін жүргізу арқылы өзара бәсекелестік орнату да бастауыш ұйымдардың қызметін жаңа деңгейге шығаруды деп күтіледі.

Десек те, қаша жерден тұжырымдама қабылдап, жол карталарын жасақтасақ та, Партия мүшелерінің белсенділігісіз жұмысты жаңа деңгейге шығару мүмкін бола қоймас. Сол себепті, енді шаруада барлық партияластарымызды жұмыла жұмыс жасауға шақырамын. Жаңа тұжырымдама бірегей мүмкіндіктердің есігін ашқалы тұр, сіз бен бізге қалып тұрғаны сол мүмкіндіктерді пайдалану. Алып-қосарының, ұсыныс-тілектеріңіз, қандай да бір шешімін таппай жүрген мәселелеріңіз болса «Маңғыстаумұнайгаз» бастауыш партия ұйымы сізді тыңдауды дайын. Біздің кезең-жайымыз Ақтау қаласы, 2 шағын аудан «Орда» бизнес-орталығы 726 кенсе. Байланыс үшін телефон нөмірі 8 7292 212492.

Латын әліпбиі

## ТІЛ – ҰЛТТЫҚ БЕЛГІ, ХАЛЫҚТЫҚ МҰРА



ҚР Президентінің 2018 жылғы 19 ақпандағы №637 Жарлығына және ҚР Премьер-Министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы №27 өкімімен бекітілген «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына» сәйкес «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында Республикалық диктант өткізілді. Латын әліпбиіндегі Жалпыхалықтық диктантты жазуға орталық аппарат қызметкерлерімен қатар екі өндірістік басқарма мұнайшылары қатысып, өздерінің латын қарпімен диктант жазудағы сауаттылықтарын сынады.

Шара барысында алдымен, қатысушыларға жаңа әліпбидің ең соңғы нұсқасы таныстырылды. Одан кейін латын әліпбиінің жазбаша нұсқалары таратылды. Диктант бір күнде, бір уақытта жазылды. Сонымен қатар арнайы орынға келіп қатыса алмаған қызметкерлер үшін ұзақтығы 30 минутқа созылған диктант аудиосын тыңдай отырып, жұмыс орындарынан жазуға мүмкіндік жасалынды.

Іс-шараның негізгі мақсаты - латын әліпбиіне көз үйрету, қол жаттықтыру болып табылады. Қолдарына қалам алып, алғаш рет латын әліпбиінде диктант жазған мұнайшылар жаңа әліпбиге деген қызығушылығы оянганын, бірден жазып кету қиын болғанымен, жаңа графиканың өзіндік жеңіл тұстары да бар деген пікірлерін білдірді.

- Мемлекет басшымыз өзінің «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» деген мақаласында осы мәселе туралы көп айтқан. Түркі тілдес ағайындарымызға біздің әдебиетімізбен, дәстүрімізбен, тілімізбен танысуға оңай болады, яғни әлемдік кеңістікте қазақ тілі танымал болуы үшін сондай үлкен маңызды шара деп ойлаймын, - деді «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ (КМДжӨЦ) 3-дәрежелі тұрғындарды және сусыздандыру қондырғыларының операторы Еділ Бекмұратов.

Диктант соңында Компаниядан қатысқан 300-ге жуық қызметкердің жұмысы Маңғыстау облыстық тілдерді дамыту басқармасына жіберіліп, бағаланды.

«Батыс-2018»

## ӘСКЕРИ БІЛІКТІЛІК ШЫҢДАЛДЫ

Қыркүйек-қазан айларында Маңғыстау облысында орналасқан «Оймаша» полигонында «Батыс-2018» ірі ауқымды стратегиялық командалық-штабтық оқу-жаттығулары өтіп, Компаниямыздың жеті қызметкері әскери біліктіліктерін шыңдады.

Бес жыл сайын өткізілетін шараға құрлық әскерлері, әуе қорғаныс күштері, әскери-теңіз күштері, арнайы операциялар күштері, арнайы әскерлер және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімдері мен бөлімшелерінің штабтық қару-жарағы және әскери техникамен 5000-нан аса әскери қызметші жұмылдырылды. Ұлттық ұлан мен Ішкі істер министрлігі, Төтенше жағдайлар комитетінің бөлімшелері де қатысты.

Қатаң бақылауда болды. Басқа кәсіпорындардан қосылған сексенге жуық жігіттермен бірге төрт топта жұмыс жасалды. Біздің взвода Маңғышлақ елді мекеніндегі темір жол торабын, ондағы әскери техникаларды күзету тапсырылды, - деген құқықтық қамсыздандыру департаментінің заңгері Самат Қожамбетов күні-түні кезекшілікке тұрып, әскери өмірдің ыстық-суығын сезінгендігін жеткізді.



Шараға қатысқан Ержан Жұмагелдиев, Қанатбай Оңдасынов, Самат Саутбеков, Мақсат Абзамов, Самат Қожамбетов, Шыңғыс Базарбаев, Жарас Иманғалиев есімді әріптестеріміз «запастағы сарбаз», «запастағы сержант» деген әскери шендерін қорғады.

- Жауынгерлік өмір тек қана тәртіптен тұратындығы белгілі. Бұл жерде қару-жарак, әскери дайындық, сап түзеумен қатар, күнделікті іс-әрекеттің өзі

Он бес күн шөл дала жағдайында жауынгерлік тәжірибе жинақтап, қойылған міндетті абыроймен атқарып шыққан әскерлерге Қорғаныс министрлігі оң баға берді. Сәтті өткізілген оқу-жаттығуда әріптестеріміз Маңғыстау облысының аумақтық әскерлер құрамында кәсіби біліктілігі мен шеберлігін таныта білгені үшін облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Тренинг

## АЛҒАШҚЫ КӨМЕК – ӨМІРГЕ АРАША

Қараша айының 13-ші жұлдызында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қарасты көлік департаментінде «жол-көлік оқиғасы кезінде алғашқы көмек көрсету» тақырыбы бойынша ішкі бапкерлер күшімен оқыту тренингі өтті. Оған көлік департаментінің инженерлік-техникалық қызметкерлері мен басшылары, автокөлік колоннасының медбикелері және жүргізушілері қатысты.



Теориялық, тәжірибелік және тестілеу бөлімдерінен тұратын оқуда жол-көлік оқиғалары болып жатқан кезде жапа шеккендерге көрсетілетін алғашқы көмектің маңыздылығы айтылды. Соны қайғылы оқиғаға әкеп соғатын жағдайдың негізгі себебі - алғашқы көмектің дұрыс көрсетілмеуі болып табылады. Статистикалық мәліметке сүйенсек, азаматтардың 70 пайызы куәгерлердің немқұралдылығынан, дер кезінде көмекке келмеуінен көз жұмады екен. Сонғы кездері апат кезінде куәгер болған адамдардың еш әрекет етпей, жапа шегіп жатқан жанның қалай қиналып, жантәсілім етіп жатқандарын телефонмен камераға түсіруі басым.

Оқуда апат үстінен түскен жағдайда бірінші кезекте жүрек соғысын, демалысын және көзін көңіл аудару керектігі, егер көз қарашығы үлкейіп кетіп, клиникалық өлім орын алса алдымен өкпенің желдетілуін, жабық жүрек массажын жасау арқылы қан айналымын қалпына келтіру

керектігі бүге-шігесімен түсіндіріліп, практикалық дәріс өткізілді. Бұл семинардың өзгешелігі де осында - теориялық мәлімет міндетті түрде практикалық әрекетпен менгерілді.

- Бұл - біздің қызметкерлердің біліктіліктері мен кәсібиліктерінің төмендігі деген сөз емес, - дейді көлік департаменті, автопарк бастығының орынбасары Сағи Диханов. - Біздің көздегеніміз - әр адамның оқыс оқиғаға күз болған жағдайда, жедел жәрдем келгенше көрсетілетін медициналық көмек көрсету білімін арттыру, жетілдіре түсу. Жол-көлік апаттарының және олардан зардап шегетіндер санының артуы көпшілікті алаңдатып отырған мәселелердің бірі. Сондықтан алғашқы көмек сауатты түрде жасалатын болса, адамның өмірін сақтап қалуы мүмкіндігі артады.

Быыл алғаш рет енгізіліп отырған оқыту жүйесі бойынша алдымен Компаниядағы іріктелген тәжірибелі мамандар бапкерлікке оқып, біліктіліктерін шыңдады. Кейін Компания қызметінде маңызды деген 9 тақырып таңдалып, арнайы оқыту бағдарламасы жасакталды.

Қызметкерлер құрамының біліктілігін арттыратын корпоративті оқыту семинары жыл сайын өткізіліп және келесі жылдан бастап ішкі бапкерлер құрамын ынталандыру жүйесі қарастырылуда.

Өнегелі өмір

# АҚҚАН ЖҮЛДЫЗДАЙ ФИЗЗАТ-ҒҰМЫР

Арамыздан ерте кетсе де, ел үшін елеулі істер тындырған, геологиялық барлау және мұнай іздеуіне саласының көрнекті ұйымдастырушысы, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері», «Қаражамбас, Қаламқас, Арман көп орындарын алғаш ашушы» атағының иегері Физзат Өтешұлы Балмұқанбетов еді. Нағыз кемелденген шағында, 54 жасында өмірден өткен оның арамыздан кеткеніне де 15 жылдай болыпты.

Ғ.Ө. Балмұқанбетов 1948 жылдың 22 қарашасында Атырау облысының Қызылжол ауданындағы Қарабау ауылында дүниеге келген. 1966-1971 жылдары Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетінде оқып, оны бітіргенін, арнайы жолдамамен «МНГР» тресінің Каракия мұнай-газ барлау экспедициясына жұмысқа жіберілді. Еңбек жолын қатардағы бұрғышының көмекшісі болып бастады. Жас мамандардың жұмысын тікелей өзі қадағалап отыратын Халекен (Х. Өзбекқалиев) Физзаттың ұйымдастырушылық қабілетін бірден байқап, оны алдымен бұрғылау шебері, аз уақыттан кейін геологиялық іздеуіне партиясына техникалық жетекші етіп бекітті. Ғ. Балмұқанбетов «Халекеннің мектебінде» өтіп, бас-аяғы 5-6 жылдың ішінде трестің терең бұрғылау экспедициясында, ұңғымаларды сынау және шегендеу, мұнара құралдау кәсіпкерлерінде бас инженер және бастық қызметтерін атқарды.

Ол кез атышулы «геологиялық ашылу» жылдары, Бозашы түбегіндегі жаңа мұнайлы аймақтың табылу және игерілу кезеңі болатын. Атауы экспедициядан №2 аймақтық инженерлік-техникалық қызмет болып өзгерген, Физзат басқаратын бұл мекеменің бұрғылау бригадалары Бозашы түбегінде ашылған Қаражамбас, Қаламқас, Арман, Солтүстік Бозашы, Қаратұрың және Жалғызтөбе алаңдарында бұрғылау жұмыстарын жүргізді. Бұрынғы теңіз орны, кейін ми батпақ, сорға айналған, мезгіл-мезгіл су басатын бұл жерлерде геолог барлаушылар ұжымы бастан кешкен қиыншылықтар шаштөктен. Бұрғылау қондырғыларын сордың үстімен қажетті орнына автокөліктің күшімен жеткізу мүмкін болмағандықтан, шынжыр табанды техника, оның ішінде әскерлер пайдаланатын ауыр сүйреу таяғтары кеңінен қолданылды. Бұл сорларды барлаушы-бұрғышылар талай рет керзі етігімен су кешіп, мұнараларды сүйреп, трактордың артында жаяу-жалпылап, балшық тізесінен батып жүріп өткен-ді. Тіпті сол сорларда балшық жұтқан, яғни бұрғылау қондырғысының жерге сіңіп кеткен мұнаралары, әр жерде қанқиян жатқан трактор қабиналары сол күндерден қалған ескерткіш ретінде қазір де кездесіп қалады... Қазір адам танымастай өзгерген, айнала асфальт жолдар, келіспірін салынған мұнай сақтайтын, айдайтын асқанқан қазандар, әртүрлі бояулармен сырланған, көздің жауын алатын, бір-бірімен жарысып жатқан құбырлар желісі, сәнді етіп салынған мұнайшылар жатақханалары, кеңіштерді облыс орталығымен байланыстыратын асфальт жолдар мен жоғары кернеулі электр жүйелеріне қарап отырса, осы жұмыстардың басталуына марқұм Физзат Өтешұлы сияқты азаматтардың да қосқан зор үлесі ойына түседі.

Физзат Өтешұлы ұңғымаларды сынау және шегендеу конторында 1976 жылы бас инженер, ал кейін бастық қызметін атқара жүріп, бригадалар арасындағы, сол кездің тілімен айтқанда, социалистік жарысты жоғары дәрежеде ұйымдастыра білді. Нәтижесінде шеберлер Ж. Байболов, Б. Нахуев, С. Молдағалиев және Ж. Жұмағалиев басқаратын бригадалар бес жылдық тапсырмасын 3,5, 4 жылда орындап, Кенестер Одағы Геология министрлігі бойынша алдыңғы орындарды иемденді. 1978 жылы ұңғымаларды сынау шебері Ж. Байболовқа «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты» деген құрметті атақ берілді. Көптеген бұрғышылар мен ұңғымаларды сынау шеберлері Отанамыздың жоғарғы марапаттарына ие болды.

1983-1986 жылдары Ғ. Балмұқанбетов мұнара құралдау конторының бастығы болды. Оның білікті басшылығы арқасында еңбекті жаңаша ұйымдастыру, атап айтқанда, блоқтық құралдау, құралдаудың желілік кестесін жасақтау, қолдағы бар арнаулы техниканы тиімді пайдалану, кадрлардың

біліктілігі мен тапсырылған жұмысқа жауаптылығын арттыруды қатаң қадағалап, сала бойынша жинақталған озат тәжірибені өндіріске батыл енгізе білген М. Садықов, Т. Нурутдинов, С. Ихановтың бригадалары республикалық және одақтық жарыстарда оза шауып, талай рет «Ауыспалы Қызыл туларды» жеңіп алды.

Физзат Өтешұлы кешенді экспедиция бастығының орынбасары қызметінде жүргенде Құрықтағы сауықтыру шипажайында ем алушыларға шет ел вагондарынан жайлы жатақханалар салып берді. Оның тікелей қадағалауымен жатақханалардың арасына бетоннан жолдар төселіп, емдеу кабинеттеріне қосымша медициналық құрал-жабдықтар алынды. Нәтижесінде сол жылдары шипажайға денсаулығын қаратып, емделушілердің саны күрт өсті. Міне, мұның бәрі қазіргі жастарға ертектәрізді көрінгенмен, уақытында солай



Солдан оңға қарай (төменгі қатарда): Н. Бекболатов, Р. Өтесінов, Т. Сарбопін. Жоғарғы қатарда: Ғ. Балмұқанбетов, М. Ахметжанов, М. Батырбаев және Е. Күмісқалиев

болған еді. Құдайға шүкір, осыларды өз көзімен көрген қарттарымыз бен ел ағалары қазір де арамызда баршылық.

Облыс кеңшарларына, әсіресе малшы қауымға мал толдету, қыркым, шөп шабу және оны қыстақтарға тасу, қораларды қысқа дайындау, шопан үйлерін жөндеу жұмыстарына да экспедиция тарапынан адам күшімен және көлікпен үнемі көмек көрсетіліп отырды. Ол кезде күніне кәсіпорынның 2 ауыр «МИ-8» тікұшағы, 8 «АН-2» ұшақтары жапан далада адасқандарды іздеуіне, алыс мал жайылымдарындағы тосыннан ауырсап қалған адамдарға немесе толғағы ұстаған аналарға жедел жәрдем, қол ұшын беруге дайын тұратын.

1988 жылы Ғ. Балмұқанбетов кешенді экспедиция басшысы қызметіне баламалы негізде дауысқа түсіп, бірінші бастық болып сайланды. Бұл кәсіптік жүйенің құлдырау, қаржы жетіспеушілігінен кеймеңдердің қиындықтарға тап болып, мекемелерді банкрот болып, ақшаның құнсызданып, халыққа керекті азық-түлік пен киім-кешектердің тапшылығы басталған кез еді. Осы қиын мезгілде ол өзінің іскер басы, тамаша ұйымдастырушы, кәсіби біліктілігі жоғары, мықты маман екендігін көрсете білді. 1990 жылдың басында КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттары Геология министрлігіне ел бюджетінен бөлінетін ақша көлемін есәуір кемітіп тастағандықтан, оның зардабы терең бұрғылау жұмыстарымен айналысып жатқан «МНГР» ұжымына қатты бінді, айналымдағы қаржы жетіспей, көптеген мекемелер борышты болып қалды. Ғ. Балмұқанбетов сол кездегі республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты К. Ережеповпен бірге Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары К. Тұрсыновтың көмегімен Одақтық Геология министрлігінің бірінші орынбасары Ф. Салмановқа шығып, одан 3 млн. сом ақша көмек сұрап алуға қол жеткізді. Сөйтіп, Каракия аудандық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы М. Икаевпен бірге Мәскеудегі одақтық министрлікке барып, бөлінген ақшаны өкеліп, мекеменің біраз шығынын жауып жіберді. Оның іскерлігін тағы бір мысалы: сол жылдары экспедицияның бюджетке төленбей жатқан борышы көп болғандықтан, салық органдары мекеменің

есепшотын жаппақшы болғанда Ұлттық банктің облыстағы басшысымен келісіп, сол кездегі өңір басшысы, марқұм Н. А. Марабаевтың келіпдігімен Ұлттық банктің ақшасын «Тұран-Әлем» банкіне аудартып, өйтеуір 100 млн. теңге қаржы алып, жұмысшылардың айлығын бергізгенін ұжым қызметкерлері күні бүгінге дейін аңыз қылып айтып отырады.

Республикада жүргізілген нарықтық экономикалық реформалар нәтижесінде мемлекет тарапынан геологиялық барлау жұмыстарына бөлінетін қаржы көздері жетіспеген және кейін мүлде тоқтатылған қиын уақытта да ол 3000-дай адам жұмыс жасайтын ұжымды таратпай, барынша ұстап тұруға көп талпыныс жасады. Негізгі қаржыны Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау облыстарындағы барлау алаңдарына салып жатқан «Қазақтүркімұнай» біріккен кәсіпорнының басшыларына қызғылықты ұсыныс-

Бұл сөзіміздің дәлелі ретінде Физзатпен 25 жылдай бірге қызмет жасаған, қазір жасы 95-тен асып бара жатқан, «Қазақ КСР-нің еңбегі сіңген геолог барлаушысы» Қамқа Үмбеталина алайын естелігін келтіре кетуді жөн көріп отырмыз. «Сонау 80-жылдары зейнеткерлікке шыққан соң қатаратқ ауруна ұшырап, екі көзім көрмейтін жағдайға тап болдым. Содан Физзатқа бардым. «Физзаттан, мен сені көрмеймін, даусыңнан ғана танып отырмын», - деп едім, ол шошып кетті. «Апай, емделіңіз, тіпті шет елге баратын болсаңыз да көмектесейін», - деді. Содан Мәскеудегі көз емдеу институтына баратын болдым. Физзаттан қасыма ерген сіңім кеуемізге ұшаққа билет алғызып, бару, қайту жолыма, емделуге төлейтін ақшаны бергізді. Сөйтіп, азаматтың арқасында көзімді емдегіп, қос жанарым қалпына келіп, елге оралдым. Осындай адамға қандай алғыс айтсаң да артық емес», - деп тебірген апайдың сөзіне Мәскеу, Волгоград, Алматы, Уфа қалаларындағы емдеу орындарына мекеме есебінен барып, денсаулығын түзген басқа да зейнеткерлер қосылды ғой деп ойлаймын.

Физзат өзі өткен өмір естерінде ағалардың тәжірибесінен көп үйренді. Халекенді (Х. Өзбекқалиевті) айтамының өзінде, осы мекемеде 2 Ленинді және 4 Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттарымен, 8 «Қазақстанға еңбегі сіңген геолог барлаушылар» және Х. Тәжиев, Т. Арыстанов, Ж. Сәлімгереев, Б. Өтебаев, Е. Карабалин, Б. Әбішев, К. Қазиев, Қ. Орынбасаров, Х. Өтебаевпен сияқты көрнекті ағалармен жұмыс жасағанын, олардың бәрі тәжірибесін үйреніп, шама-шарқы келгенше, соларға еліктеп өскенін қатарлары арасында жиі айтып отыратын. Ол қолынан еске келетін мамандарды жіті қадағалап отырды, олардың іскерлігіне, мамандықты игеруіне қарай жаңа қызметтер ұсынып, үнемі қадаларын ілгері бастырып, жоғарылаумен болды. Бүгінде олар өндірістің шешуші салаларында жетекші және бас маман дәрежесіне көтеріліп, мекеме және ұжым басшысы қызметтерін ойдағыдай атқарып жүр. Олардың арасында жеке кәсіптен айналысып, нарықтық экономика талаптарын меңгерген, маңызы зор, күнелісті төмен отбасыларға көмек беріп, мәдени-ағартушылық шараларға деңгейлі жасап жүрген, облысымызға белгілі кәсіпкерлер де біршама баршылық. Марқұм Физзаттың іскерлігі мен біліктілігі, әлеуметтік мәселелерді шешуді бірінші орынға қоятыны, уәдесіне беріктігі, қатарқұбырларына беделділігі, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болатыны, ағайын-туғаластарына деген бауырмалдық ілтипапы туралы республикамыз бен өлкемізге белгілі азаматтар Л. К. Қынынов, Е. Күмісқалиұлы, К. Ережепов, Б. Ізмұханбетов, Б. Қуандықов, К. Махмутов, С. Қызылұлы, К. Түкімов, К. Құлжанов, Ж. Төрбайұлы және т.б. өз естеліктерінде айтып, жазып жүр.

Біз арамыздан өткен ардагерлерімізді еске алып, осы келе жатқан жасарға алдыңғы буын ағалардың жолымен жүруді жалғайтпай үйретіп отыруымыз керек. Осы орайда көңілімізге кіріп түсіретін «өткенге айрыл» да аз емес. «МНГР»-дің 50 жылдық мерейтойы кезінде Физзаттың тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылғанына басқа ауыз толтырып айтарлық істер атқарылмағанын, азаматтың есімін халық жадында қалдырарлық көптеген шаруалар өз кезегін күтіп жатқанын мойындауымыз керек. Мәселен, Мұнайлы ауданы Ғ. Балмұқанбетовтің өз басы-қасында болып, балшығы мен сорын белшендеп кешіп жүріп ашқан Бозашыдағы көп орындарын игеру барысында өмірге келген бізміз де білеміз. Олай болса, неге сол жердегі салынған жатқан мектеп, спорт алаңдарына оның атын бермесек?! Немесе Физзаттың өзі шырғасырдан астам уақыт бойы қызмет жасаған Құрық кентінен қолы не мектеп атын берсе, оған кім қарсы болады?

Құйрықты жұлдыздай жарқ етіп ағып өткен, қысқа өмір сүрсе де, артына өшпес із қалдырған, өмірден озғанына 15 жылдай уақыт өткен, тірі болса, осы күзде 70 жасқа толатын аяулы Физзат Өтешұлы Балмұқанбетовтың жарқын бейнесі оны танытып, қызметте болған ел азаматтарының есінде әрқашанда сақталып.

Сатыбалды НҮРҒЕЕКҮЛЫ,  
геологиялық барлау және іздеуіне  
салыстырғы ардагері



# НАСЛЕДИЕ СТАРШЕГО ПОКОЛЕНИЯ - БЕСЦЕННЫЙ ОПЫТ

**Преемственность поколений - важный аспект в жизни любого общества. Проблема воспитания молодежи, передачи ценностей существовала во все времена. Подвиги старшего поколения всегда можно ставить в пример будущим героям. А герои нужны не только на войне, но и в обычной жизни, в трудовых буднях страны.**



Благодаря поддержке АО Фонд Национального благосостояния «Самрук-Қазына» Общественный Фонд «Мұнайшы» имени Н.А. Марабаева в рамках реализации благотворительного проекта «От старшего поколения – к новому», запланированного на 2018-2020 годы проводит различные мероприятия. В частности, организацию и проведение мероприятий, посвященных 90-летию заслуженного нефтяника, первооткрывателя нефтяных месторождений Х.Ж. Узбеккалиева, в том числе издание книги, оцифрование всех книг из серии «КМА» и «Победа», Нефтяной Энциклопедии Казахстана-2005, которые представляют ценность как исторический, библиографической и справочный материал, модернизация сайта Фонда: создание электронной библиотеки с функционалом интернет магазина для облегчения доступа к электронным изданиям, оказание адресной благотворительной помощи нуждающимся ветеранам нефтяникам и многое другое.

19 октября 2018 года в Актау рамках данного проекта было проведено масштабное мероприятие, посвященное 90-летию легендарного нефтяника, лауреата Ленинской премии, Заслуженного геолога-разведчика Казахской ССР, Почетного разведчика месторождений СССР, обладателя орденов Ленина, Трудового Красного Знамени, почетной грамоты Верховного Совета Казахской ССР, выдающегося руководителя нефтяной промышленности - Халелу Жагыпаровичу Узбеккалиева. Основным организатором мероприятий выступил Акимат Мангистауской области совместно с Общественным Фондом «Мұнайшы» имени Н.А. Марабаева при содействии АО «Мангистаумұнайгаз», АО «Қаражан-басмұнай» и АО «Озенмұнайгаз».

На юбилей со всех регионов Казахстана приехали заслуженные ветераны нефтяники. Они встретились со студентами колледжа имени Х.Ж. Узбеккалиева, побывали в музее, посвященном легендарной личности, участвовали в конференции. Представители акимата области, члены семьи и ветераны возложили цветы к памятнику Х.Ж. Узбеккалиеву и поделились теплыми воспоминаниями.

Далее в рамках мероприятия в Актауском университете имени Ш.Есенова прошла международная конференция, посвященная Халелу Жагыпаровичу и состоялась презентация биографической книги, которая была издана ОФ «Мұнайшы» имени Н.А. Марабаева при поддержке Корпоративного фонда Samruk Kazyna Trust».



Общественный фонд «Мұнайшы» имени Н.А. Марабаева за 14 лет сумел объединить более 9000 ветеранов нефтегазовой отрасли, оказывая нуждающимся нефтяникам социальную и материальную поддержку. Фонд систематически оказывает адресную благотворительную помощь участникам ВОВ, инвалидам производства и одиночкам ветеранам, нуждающимся в материальной помощи, оплачивает лечение, подписку на печатные издания и т.п.

Всем известно, что экономический кризис наносит ущерб многим слоям населения, но особо тяжело приходится ветеранам. Невозможно переоценить роль ветеранов нефтяников в становлении основной составляющей нашего экономического развития - нефтегазовой отрасли страны. Без самоотверженного труда геологов и бурильщиков, без их гигантского вклада, не было бы нефтяной промышленности Казахстана.

В первые годы независимости, когда Казахстан взял курс на рыночную экономику, особо тяжело пришлось старшему поколению. Из-за обесценивания денег, их сбережения сгорели, многие потеряли накопления, которые откладывали всю свою жизнь. Пенсии, которые они получали за свой бесценный вклад в развитие нефтегазовой отрасли и нелегкий труд, были настолько мизерными, что этих денег не хватало на оплату коммунальных услуг, покупку медикаментов, даже на продукты питания.

В обществе созрела необходимость создать организацию, которая занялась бы решением социальных проблем ветеранов нефтяной отрасли. И в 2004 году известный государственный деятель Аскар Кулибаев, заслуженные ветераны-нефтяники Насибкали Марабаев и Орал Ақшолоақов, посоветовавшись, решили создать общественный благотворительный фонд «Мұнайшы». Данная специализированная отраслевая благотворительная организация является уникальной, в нашей стране нет



такого рода организаций, системно решающих проблемы определенного сегмента общества. Фонд не ограничивается только материальной и финансовой помощью своим бенефициарам, он ведет достаточно серьезную работу по формированию информационной базы по истории развития нефтяной отрасли Казахстана.

В 2005 году на казахском, русском и английском языках Фондом была дополнена и переиздана Нефтяная энциклопедия Казахстана. С 2006 года Общественный Фонд «Мұнайшы» им. Н.А. Марабаева,

Все книги, которые были ранее изданы в серии «Почетные нефтяники Казахстана» и «Победа», также Нефтяная энциклопедия Казахстана в двух томах в настоящее время переведены в цифровой формат и будут выложены на новом веб-сайте Фонда. Книги представляют ценность как исторический, библиографической и справочный материал, пособие для последующих исследователей истории развития нефтегазовой промышленности республики.

Усовершенствование сайта Фонда, увеличение потенциала электронных библиотек и интернет магазинов, платная подписка на электронные издания - гарантия успеха нового благотворительного проекта. Собранные средства пойдут на оказание благотворительной помощи ветеранам отрасли, которые проживают в нефтегазовых регионах, что станет весомой поддержкой нуждающихся нефтяников.



начал издавать серию книг «Қазақ мұнайының ардақтылары» («Почетные нефтяники Казахстана») и серию книг «Победа», которые описывают биографию и трудовую деятельность легендарных нефтяников страны. Эти книги рассказывают читателям о вековой истории казахской нефти. На сегодняшний день Фондом издано 98 книг.

Следующим веянием, Фонд решил реформатировать проект и в целях широкого доступа молодого поколения, новых специалистов нефтегазовой отрасли к изданным книгам, начал работу по переводу книг в электронный формат с целью распространения через электронную библиотеку на новом веб-сайте.

Основная цель уникального проекта «От старшего поколения – к новому», запланированного Фондом на 2018-2020 годы - передать молодому поколению бесценный опыт ветеранов нефтегазовой отрасли и воспитать в них любовь к своему делу, преданность профессии и ответственность перед страной, перед ее прошлым и будущим.

Основным направлением благотворительного проекта Фонда является обеспечение населения страны, специалистов нефтегазовой отрасли, студентов отраслевых вузов необходимой информацией и создание универсальной информационной базы нефтегазовой отрасли Республики Казахстан. Также основной задачей фонда в реализации данного проекта является цифровизация, использование передовых информационных технологий в реализации программы благотворительной поддержки ветеранов нефтегазовой отрасли страны.

Реализация проекта по созданию электронных версий книг, переводу собранных фондом материалов в цифровой формат, усовершенствованию сайта фонда и электронной библиотеки, издание книг стала возможной благодаря поддержке АО «Самрук-Қазына».

**С.Жылқайдаров,**  
исполнительный директор Фонда  
**Е.Ақдаулет,**  
волонтер Фонда

Қайырымдылық

# ТАРЫҚҚАНҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Қазақ халқы «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді. Кей кезде қайырымды азаматтар өздерінің жақсы амалдарын жасырып қалғысы келетіні бар. Бірақ, қоғам ізгіліктің шарапатын білуі керек. Сондықтан бүгінгі материалда оншақты қызметкері бар ұйымның жақсы ісін ұлықтауды жөн көрік.



«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы ұнғыларды бұрғылау және күрделі жөндеу бөлімінің инженерлері (ОБИКРС) жалпы-республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында Мұнайшы кентінде тұратын әке-шешесінен айрылған, әжелерінің қамқорлығында жүрген Аралбай Жарас пен Өткібай Ұланға демеушілік қолдау көрсетті. Инженер жігіттер балаларға мектепке китін киімдер мен оқу құралдарын алып беріп, таршылық

көріп, жағдайы болыңқырамай жүрген балалардың қуаныштарына куә болды. Мұнайшылардың қайырымды ісіне риза болған балғындар алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

Өткен жылы да әріптестер жағдайы төмен, ата-анасы мүгедек қыз баланы Ақтау қаласына апарып, күздік және қыс киімдерін, оқуға қажет керек-жарақтарын түгел алып берген болатын.

Ел экономикасын көтеруге үлестерін қосып жүрген жомарт жандар – қоғамның басты құндылығы. Ал ісі мен ұстанымы арқылы өзгелерге үлгі болып отырған ұжым – қашан да Компания мерейі. Мерейді тасытар, абыройды асқататар осындай ізгі жандарға деген алғыс қашанда шексіз.

## МҰНАЙШЫЛАРДАН КӨМЕК

Қараша айының 27 күні «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қоры Қамқорлық кеңесінің кезекті отырысы өтіп, онда Қор есеп шотына қыркүйек және қазан айлары есебінен жиналған қаражаттың жалпы сомасы талқыланды. Нәтижесінде, арыздарды қарастыра келе, Кеңес мүшелері әріптестеріміз – материалдық-техникалық жабдықтау қызметінің слесарь-жөндеушісі Б. Есжановтың ұлы Тыныштық пен «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы газ өңдеу, дайындау және тасымалдау цехының жөндеушісі Н.Қыдырсықовтың ауыр халде жатқан бауыры Сақыпжамалды емдеуге көмек сұраған арыздарын қанағаттандыру туралы шешім қабылдады.



Кеңес отырысының хаттамасына сай Қор есеп шотына қыркүйек және қазан айлары есебінен жиналған 457 000 (төрт жүз елу жеті мың) теңге көлеміндегі қаржы жоғарыда аталған азаматтарға 200 000 (екі жүз мың) теңгеден көмек ретінде ұсынылып, артылған 57 000 (елу жеті мың) теңге және өткен айдан қалған 15 000 (он бес мың) теңге, барлығы 72 000 (жетпіс екі мың) теңге көлеміндегі қаражат келесі шараларға қолдану мақсатында Қор қазынасына сақталды.

Қор қызметіне қатысты ұсыныстарыңыз бен тілектеріңіз болса, 212-492 телефон нөмірі бойынша немесе 2 ш/а «Орда» бизнес орталығы 726 кеңсеге хабарласаңыз болады.

## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### Ішкі коммуникация

# КОМАНДАЛЫҚ РУХ – ҰЖЫМДЫ БІРІКТІРУШІ КҮШ

Қоғам мәдениетінің ажырамас бөлігі - адамның дене бітімін дамыту, оның денсаулығын нығайту, үйлесімді дамуына ықпал ететін дене шынықтыру және спортпен айналысу - компанияның әлеуметтік саясатының бір бөлігі.

Жұмыскерлерді спортпен айналысуға тарту және спорттың әр түріндегі талантты спортшыларды анықтау мақсатында ұжымда мерекелік шаралар аясында компанияның өндірістік қызметтері арасында спорт жарыстары ұйымдастырылып, жоспарлы түрде өткізіліп тұрады.

Өткен қазан айының соңғы күндерінде «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған спорт жарыстары өтті. Бұл жарыс шеңберінде компанияның өндірістік бөлімшелерінің спортшылары және әкімшілік басқару персоналы арасында мини-футбол, волейболдан сайыс ұйымдастырылды. Арбитрлыққа бейтарап тәуелсіз төрешілер шақырылды. Жарыс «Батыр» спорт кешенінің кең де жарық залында өтті. Спорт мерекесінің шымылдығын Бас директордың адам ресурстарын басқару, нормалау және әлеуметтік саясат жөніндегі орынбасары Шынар Хайрова ашып берді.

Бірінші күні компанияның спортшы-жұмыскерлері волейболдан сайысқа түсті. Шиеленіскен тартыс нәтижесінде жүлдесін алмай қоймайтын жүйріктей Жетібай құрылыс-құрастыру қызметінің спортшылары



Серіктестік жұмыскерлерінің спорттағы шеберлігін жетілдіруге және спорттың әр түрінде жоғары нәтижелерге жетуге мүмкіндік беретін жарысқа ойыншылар жақсы дайындықпен келген. Бұл кен орындарындағы серіктестік аумағында спорт аландары жабдықталып, тынығу уақытында белсенді спортпен айналысуға жағдай жасалғандығын да арқасы болу керек. Ақтау қаласында да «Мандарин», «Батыр» спорт кешендерінде ұжым мүшелері спорттық ойындармен айналысып жүр.

Сұңқардың көптен шығатыны, тұлпардың топтан шығатыны белгілі, сондықтан көп ішінен спортқа бейім адамды танып, баули білу де үлкен өнер. Қысқа мерзімде ойыншылардың дайындығы, қалыптасуы мен сайысқа түсуі үшін бар күш-жігерін жұмсап, қоғамдық жұмыс негізінде жаттықтырып жүрген Батыржан Оңаевтың еңбегі орасан. Әсіресе қыздар волейбол командасының жаңа құрамын дайындап шығарған оған ойыншылардың айтар алғысы шексіз.



жеңімпаз атанды. Қаламқас құрылыс-құрастыру қызметі екінші орынды, әкімшілік-басқару персоналы үшінші орынды қанағат тұтты. Екінші күні спортшылар мини-футболдан күш сынасты. Бас жүлдеге қамшы салдырмайтын қазанаттай шашасына шаң тигізбеген Жетібайлық құрылысшылар ие болды, ал Қаламқас жұмыс істейтін жігіттер екінші орынды меншіктеді, ал жүлделі үшінші орынды әлеуметтік басқару персоналы алды.

Жарыс демалыс күндері өткізіліп, компания жұмыскерлері жарысқа қатысушыларға жанкүйер болып, қолдау көрсетуге келді, залдық толды. Күштілерге ғана емес жығылғанға да, шалыс кеткенге де дем беріп, рухын көтеріп отырды. Залды көтеріңкі көңіл-күй, жолдастық, ұжымдық рухтың, тілектің бірлігі айқын сезілетін атмосфера жайлап алды. Жабылу салтанатында жарыс нәтижелері бойынша жеңімпаздарға кубок, медаль және бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Сондай-ақ Ықлас Қараманов дайындаған Қаламқас кен орнында жұмыс істейтін жігіттерден құрылған командалар да жақсы өнер көрсетіп, жарыс көрігін қыздырды.

Спортқа деген сүйіспеншілік және құмарлық - ұжым мүшелерін ортақ мүддеге ұйыстыратын ішкі коммуникация құралдарының бірі. Ал жарыстарды ұйымдастырудың дені сау, дене бітімі және рухани жағынан жетілген, моральдық жағынан табанды тұлғаны қалыптастыруға, денсаулығын нығайтуға, жұмыс қабілетін арттыруға, шығармашылық ғұмырлықты мен өмірін ұзартуға бағытталған кешенді жұмыстың табысты болуына тигізер әсері көп.

Ірі мұнайсервистік кәсіпорындардың бірі - ынтымағы жарасқан компания ұжымы екпінді еңбегі мен ауызбіршілігі, жастық жігері мен жаңалыққа жаны жақындығы арқасында биік белестерге қарай берері сөзсіз.

А.Есбосын  
«Oil Construction Company» ЖШС

Еңбекпен есейген Ерлер

## ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК ИЕСІ



– Кезінде кран автокөлігінің жүргізушісі болып Жетібай көлік басқармасында еңбек жолымды бастаған едім. Ойым үлкен өндіріске қарай бұрыла берді. Оған да, дөңгелектеп айтқанда, жиырма жылға жақын уақыт өтіпті. Еңбегіміз өнімді, тұрмысымыз көңілді дегендей, ел қатарлы жүріп жатырмыз, – дейді Бакберген аға.

Бакберген Теміров өзі айтқандай, 2000 жылдан бері Жетібай кенорнында еңбек етеді. Өндірістегі түрлі авариялық және тосын жағдайларда ол жұмыс жасайтын жөндеуші-слесарьлар бригадасы қашанда сақайдай-сай дайын тұрады. Бригададағы 15 адамның барлығы сайдың тасындай мамандар. Олар өндірістік жабдықтар мен сораптарды, мұнай-газ сақтайтын көлемді ыдыстарды, мұнай жылытатын пештер мен айырғыштарды және сұйықтық сақтайтын көлемді ыдыстарды құрас- тырып, жөндеу, ПТБ-10 пештерін қосып, байланыстыру, тербелмелі станоктарда алдын-ала жөндеу жұмыстарын жүргізумен айналысады. Бригада жетекшісі Бисенғали Қоджаев пен шебер Марат Бекентаев басшылық ететін ұжым мүшелері өз міндеттеріне мығым. «Жабдықтардың ақаусыз, кідіріссіз жұмыс істеуі – ортақ табысқа жол ашады, – дейді Бакберген аға. Біздің жұмыста асығыстыққа жол беруге болмайды. Сондықтан бәріміз де өзімізге жүктелген шаруаны мұқият қарап шыққан соң ғана іске кірісеміз» – деп өз бригадасы туралы мақтаншып әңгімеледі.

«Еңбек – бәрін де жеңбек», – деген аталы сөз бар. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехының жөндеуші-слесары Бакберген Теміров өзінің ақ адал еңбегінің арқасында абырой аркалап келем деп білетін қарапайым жан. Бакберген ағаны танытқандар қандай да іс болмасын оған немқұрайлықпен қарау – табығатына жат дүние екендігін баса айтады. Газеттің еңбек адамдары туралы айдарына кезекті кейіпкер іздегенімізде «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасы басшылығы да Бакберген Бөкебайұлы туралы осындай жақсы лебізбен бізге жол сілтеген болатын.

Бакберген ағаның туған ауылы – Қаракия ауданы, Сенек елді мекені. Бір жағын тау, екінші жағын құм қоршаған Маңғыстаудың көркем мүйісінде 1957 жылы дүниеге келіпті. Ауылдан алысқа ұзаған жоқ. Кезінде стральшалық, слесарь-жөндеуші мамандықтарын игерген ол бүгінде өзі тандаған мамандықты бүге-шігесіне дейін мекенгерен тәжірибелі маман ретінде қасырында үлкен абыройға ие.



Бакберген Теміров өмірде де жолы болған жан. Жан жары Қымбат апай екеуі алтын асықтай бір ұл, үш қыз тәрбиелеп өсіріп, олардан немере сүйген бақытты ата мен әже.

...Бакберген аға өндіріс ошағына жиі келетін компания басшысы Бақыт Иманбаевтың мұнайшылар мерекесінде «бар тәжірибелеріңді жастарға үйретіңіз. Олар да еңбекке машықтансын», – деп ізгі тілегін білдіргендігіне дән риза. Қарапайым еңбек адамына бұдан артық қандай мәртебе керек?!

## АЛҚАЛЫ ІСТЕ – АПТАЛ АЗАМАТ

Жетпісінші жылдары Шетпедегі елге Шамиль Наушабаевтың аты жақсы таныс болды, өз тұрғыластарының қатарында аты жер жарып тұрды десе де болады. Форт-Шевченко қаласында дүниеге келген Шамиль Олжабайұлы отбасының Шетпе поселкесіне қоныс аударуына байланысты орта мектепті 1975 жылы Маңғыстау ауданынан бітіріп шығады. Бозбала күнінен жеңіл атлетика, волейбол спорт түрінен облыс, республикалық бәйгелердің алдын бермейтін спортшының болашағынан жаттықтырушылары да үлкен үміт күтетін. Талай марапаттарды қанжығасына байлаған спортшы 100 шақырымға жүгіруден алдына жан салмайтын облыстағы бірден бір жеңіл атлет еді. Аудандық олимпиадаларда топ жарып облыс, республикалық чемпионаттардан жеңіс тұғырынан көрініп жүрген спортшы тағдырын спорт саласымен байланыстыруды жөн көреді.

Арманның жетегінде Қарағанды қаласындағы педагогикалық институттың дене тәрбиесі факультетіне түскен Шамиль өзі үшін болашағын да айқындап қойған болатын. Оқуын бітіріп, елге барып балдырғандарды спортқа баулу, жетілдіруді тәрбиелеп Шетпесінің атын шығару – бозбаланың көңіл түкпіріндегі көп мақсатының бастысы еді. Екінші курста жүргенде осы оқу орнынан әсем жанға көзі түсіп, көңілі ауып, ақыры үшінші курста көркем бойжеткенді жар етіп, желегін желкілдетіп ата шаңыраққа келін қылып түсірді.

Бүгін ойласа, қос жас тағдырдың тауқыметін аз шекепті. Тағдырдың мандайға жазғаны болар... Қарағандыға оқуына қайтқан Шамильдің артынан жарының көлік апатына түскендігі туралы суық хабар ілесе жетті. Қатты жаракат алған жас келіншектің бойынды тұтғыштарынан айрылғандығы жас отбасына оңай болған жоқ. Өмірдің қиындығына тап болған кезде оқу туралы ойлауға мұрша бар ма? Жарын көтеріп, енді есін жия бергенде әскер жасына келген жігітті Отан алдындағы борышын өтеуге алып кетеді. Әскери өмірдің сынын артқа тастап екі жылдан соң ораған Шамиль Олжабайұлы оқуын жалғастыру туралы оймен институтқа барғанында ауылдан Күләш жеңгеміздің қатты науқас екені туралы тағы суық хабар келеді. Не де болса ансаған мамандығының өзіне бұйырмай тұрғанын түсінген ол, тағдырына еріксіз көндігіп, спортшылық арманынан қол үзеді...



Жастық арман – уақыттың еншісінде... Ал қазір «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасының жөндеуші-слесары Шамиль ағаның өндірістің қазанын қайнатып жүргеніне де жылдардың жүзі ауыпты.

– Сол кезде бала-шағамның несібесі жібермей тұр екен ғой, – деп күліп жіберді Шамиль аға. – Бір кездегі қиындықтар артта қалды, қазір аяқтанған ұл-қыздарымнан 11 немере, 4 жиен сүйіп отырған жайым бар. Кезінде «Ұлу тас», «Қызыл тұран» қарьерлерінде машинист болып еңбек еттім. Кейін, 1995 жылдан бастап «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына газшы болып орналастым. Шүкір, қазір 5-дәрежелі жөндеуші-слесарь қызметін абыроймен атқарып жүрмін. Үлкен ұлым аке жолын тандап, «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ-да мұнайшы болып еңбек етеді.

Асып-тасу болмасына жат, кісілігі мол асыл азамат биылғы жылдың көктемінде 60 жасқа толды.

– Қай саланың болмасын өзіндік қиындықтарымен қатар артықшылықтары болады. Жер астындағы байлықты ел игілігіне жарату жолында үлес қосып жүргенімізге іштей қуанамыз, – деген Шамиль аға еңбегін бағалаған басшыларға алғыс айтуды ұмытпады. – Еңбегімді елеп, іскерлікті бағалап жүрген кәсіпорын басшыларына мың алғысымды айтамын. Ел тыныш, халық татулық-бірлікте тірлік жасап, келер ұрпаққа үлгі-өнеге қалатын адал еңбек етсек деймін! – деп аяқтады сөзін Шамиль Олжабайұлы.

## Виртуалды музей

2019 жылы Қаламқас кенорнының ашылғанына 40 жыл толады. Қаламқастың тарихы – кенорнында еңбек еткен біздің аға буын мұнайшылардың, біздің тұтас әріптестеріміздің өмір баяны. Өткен тарихты зерделеу арқылы келешектің бағытын белгілейтініміз хақ. Жанқиярлықпен еңбек етіп, ел дәулетін еселеген қаламқастық мұнайшылардың ерлік еңбегін елге жария қылу, құрмет пен ізет көрсету мақсатында «Мұнайлы өлке» газетінің редакциясы 2018 жылдың қыркүйек айы мен 2019 қыркүйек айы аралығында арнайы айдар ашады. Сондай-ақ, газет бетінде осы атаулы мерекеге арналған «виртуалды мұражайда» тарихи жәдігерліктер жинақталады. Мұражай мұнайшылардың кезегінен сыр шертетін экспонаттар – көне фотосуреттер, техника, құрал-жабдықтар, тұрмыстық бұйымдар, басқа да көзден қалтарыста қалған мұралардан тұрады.


Ең бастысы – қадірлі оқырман, мұражай коллекциясын толықтыруға Өзіңіз ат салыса аласыз. Бұл үшін [e.aibtaev@mmg.kz](mailto:e.aibtaev@mmg.kz) немесе [erbol\\_diz@list.ru](mailto:erbol_diz@list.ru) электронды поштасына бұрын-соңды баспасөз және кітап беттерінен жарық көрмеген жәдігерлеріңіздің суретін жолдаңыз! Бір

сәт әр отбасында сақталған көне альбомдардағы уақыт сарғайтқан, ата-әжелеріміздің өмірбаянынан сыр шертетін суреттерді ақтарып көрейікіші. Себебі, біздің тарихымыз – әр мұнайшының тарихы, жаһан түзді шахарға айналдырған ата-әжелеріміздің жалынды жастығы сонда жатыр. Аға бұнының жасампаздығын ұл-қыздарымызға жеткізейік, дәстүр рухында тәрбиелейік, барды құрметтеуге баулиық! Мерейлі мерекенің салтанатын арттыруға біріге жұмыстанайық!

Осы бағыттағы суреттер мен жәдігерліктерді сақтап жүрген жақындарыңыз не таныстарыңыз болса, олардың қатысуына да шектеу жоқ! Сондай-ақ, кенорнында еңбек еткен атақты бригадалар, мұнайшылармен газет тілшілері кездесуге асық. Сіздерден олар туралы деректерді күтеміз! Ешкім де, ештеңе де ұмытпауы тиіс!

Суреттеріңізді сканерлеу, немесе жәдігерлерді суретке түсіру бойынша сұрақтарыңыз болса, немесе көмек қажет болса 212-423 телефон нөміріне хабарласуыңызды сұраймыз.

Құрметпен,  
Жұртшылықпен байланыс бөлімі



Спорт



# ЗОЛОТОЙ ДУБЛЬ!

1 декабря завершились соревнования по мини-футболу среди ветеранов на кубок АО «Мангистаунайгаз». Турнир, посвященный Дню Независимости Республики Казахстан и 55-летию АО «Мангистаунайгаз» прошел на высочайшем уровне: лучшие команды области, великолепный антураж, полные трибуны болельщиков и фантастический финал – «мангистауское суперклассико» - с развязкой в серии пенальти, о чем еще можно мечтать?! Но, обо всем по порядку...

Итак, соревнования по мини-футболу стартовали 10 ноября, в спорткомплексе «Ақтау», в них приняли участие 16 команд, которые, по классической схеме, были разбиты на четыре группы. Победители групп, а также команды, занявшие вторые места, продолжали борьбу в плей-офф. Впрочем, впервые в истории, благодаря решению организаторов турнира, аутсайдеры групп (команды, занявшие 3 и 4 места), не выбывали из борьбы, а продолжали соревнования, в битве за так называемый «Серебряный кубок».

АО «Мангистаунайгаз» на состязаниях представляли две команды, которые волею жребия попали в группы «А» и «D». Соперниками «Мангистаунайгаз-1» стали – «Мобил-Сервис», «Кайрат» и «LPG Trade». Наша первая команда стартовала с непростой победы над «Кайратом» - 6:5, затем было поражение от «Мобил-Сервис» - 4:1, и наконец, лишь в третьей игре «Мангистаунайгаз-1» разгромил «LPG Trade» - 8:1.

Заняв второе место в группе, «Мангистаунайгаз-1» в четвертьфинале встречался со «Спартаком». Это был тяжелый матч: наши футболисты вели со счетом 2:0, затем умудрились пропустить гол. При счете 2:1 «Спартак» бросился отыгрываться и имел несколько возможностей забить гол, однако на последней минуте пропустил опасную контратаку – 3:1 наши идут дальше! В полуфинале «Мангистаунайгаз-1» буквально разгромил принципиальных соперников из «Озенмунайгаза» - 5:1 и оформил выход в финал соревнований.

Наша вторая сборная – «Мангистаунайгаз-2» - попала в группу с командами «МАЭК», «Каражанбасмунайгаз» и «Ақшукүра». В первой игре «Мангистаунайгаз-2» довольно уверенно победил «Ақшукүра» - 5:2, однако затем уступил «МАЭК» - 4:1, а в третьей игре наши футболисты и вовсе были разгромлены «Каражанбасмунайгаз» - 10:3. Таким образом, «Мангистаунайгаз-2» занял третье место в своей группе и продолжил борьбу, но уже за «Серебряный кубок». Несмотря на обидные поражения, на групповой стадии, в плей-офф, наша вторая команда сумела собраться и показать достойный результат. В четвертьфинале и в полуфинале с одинаковым счетом 8:3 были разгромлены команды «Шеллис» и «Каракия».

обороны, однако в середине первого тайма команда «Озен Ардагер» довольно неожиданно забила гол. Теперь терять уже было нечего, и наша первая команда заиграла в открытый футбол. Номинальные хозяева поля обрушили шквал атак на ворота соперника, многоходовые комбинации, удары с разных дистанций, но просто чудеса творил вратарь команды из Жанаозена, который тащил все мячи. Когда же голкипер



Самат Ысмаулов - лучший голкипер турнира



«Мангистаунайгаз-1» - обладатель «Золотого кубка»

Итак, обе наши команды вышли в финалы соревнований.

В решающем матче за «Серебряный кубок» встречались сборная «Мангистаунайгаз-2» и неоднократный победитель областных и городских турниров по мини-футболу среди ветеранов – «Барс Ойл». В первом тайме наша команда повела со счетом 2:0 и казалась исход матча предрешен. Однако во второй половине встречи «Барс Ойл» устроил настоящий штурм ворот соперника, на шестого полевого игрока был заменен вратарь, и почти все 20 минут команда играла без голкипера и поплатилась за это, пропустив в контратаках еще два гола - 4:0 – уверенная победа. «Мангистаунайгаз-2» завоевывает «Серебряный кубок»!

Мангистауское суперклассико – это финал за «Золотой кубок», в котором встречались команды «Мангистаунайгаз-1» и «Озен Ардагер». Напомним, в полуфинале наша первая сборная разгромила команду из Жанаозена, поэтому для гостей из города нефтяников победа в финале была делом чести.

Главный матч турнира начался довольно осторожно, обе команды играли от

НАШИ ЧЕМПИОНЫ: команды «Мангистаунайгаз-1», «Мангистаунайгаз-2»



был бессилен, на помощь гостям пришла штанга! Время неумолимо таяло, и во втором тайме, за четыре минуты до конца матча, наша команда берет тайм-аут.

Идет короткое совещание. Да, времени мало, да вратарь соперника поймал кураж, да мяч просто не летит в ворота, но такие матчи вытаскиваются на морально-волевых, мы можем спасти игру – таков основной посыл тайм-аута.

Итак, четыре минуты до завершения решающего поединка. Наша команда начинает от своих ворот, игра в стеночку, пас, удар и .....ГОООЛ!!!!

«Мангистаунайгаз-1» сравнивает счет – ничья! До конца игры цифры на табло не изменились, и судьба золотых медалей решалась в серии пенальти.

Первыми пробивают наши футболисты. Удар...мимо! Судьба матча вновь повисла на волоске. Но тут кураж поймал уже наш голкипер – Самат Ысмаулов. Сначала он каким-то чудом отбивает пушечный выстрел нападающего команды «Озен Ардагер», а затем при счете 2:2 в великолепном прыжке отражает еще один сильнейший удар.

Победа!!!

После окончания матча руководство АО «Мангистаунайгаз» на правах организаторов турнира вручило призы в различных номинациях – «лучший нападающий», «лучший защитник», «за волю к победе», которые достались игрокам из

разных команд. А вот приз в номинации «лучший голкипер» по праву был вручен Самату Ысмаулову.

Подводя итоги, можно сказать, что турнир прошел на высочайшем уровне, это отмечают все участники соревнований, а его главный финал стал настоящим украшением состязаний. Об этом легендарном финале еще долго будут говорить, о его эмоциональности, драматизме и непредсказуемости, причем, за это мы и любим – его Величество Футбол!

Есназар Султанов



Мұнайлы Өлке

Меншік иесі:

«Мангистаунайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Султанов  
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Өбдісадық,  
Ж.Кемал, Р.Анетова

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:  
130000, Ақтау қаласы  
6 ш.а., № 1 үй,  
Тел:  
212-424, 212-450  
212-462, 212-492

Газет айына 1 рет шығады.  
Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды  
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.  
Индексі: 64265

«ATIS» ЖШС баспаханасында басылды.  
Ақтау қаласы, 17 ш.а.  
тел: 525500